

**«Қорқыт Ата» әуежайы» АҚ-ның мемлекеттік сатып алу қызметі сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша  
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Қызылорда қаласы

2024 жылғы 22 мамыр

**КІРІСПЕ БӨЛІМІ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, «Қорқыт Ата» әуежайы» АҚ-ның мекемесінің (әрі қарай - Қоғам) құрылымдық бөлімінің қызметі табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген *(өзгерістер енгізу туралы)* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Қоғамның 13.05.2024 ж. №66 бұйрығымен бекітілген келесі құрамдағы жұмыс тобымен жүргізілді:

Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс бөлімінің бастығы Т. Абдрашов *(топ жетекшісі)*;

Қоғамның бас бухгалтері Г. Тайжанова *(топ мүшесі)*;

Қоғамның қауіпсіздік және экология бойынша жетекші маман А. Иманов *(топ мүшесі)*.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдаумен 2023 жылдың 12 айы және 2024 жылдың 4 айы кезеңі қамтылды.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 01-22.05.2024 ж. аралығында жүргізілді.

6. Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс бөлімінің бастығы Т. Абдрашовқа топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

**СИПАТТАМА БӨЛІМІ:**

**I. Талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:**

1) Бөлімнің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**Талданатын объект туралы мәліметтер:**

«Қорқыт Ата» әуежайы» АҚ-ның басқарма төрағасымен 04.01.2023 ж. бекітілген Ережеге сәйкес Қоғамның мемлекеттік сатып алу жұмыстарын ұйымдастыру қызметін атқарады.

**Ережеге сәйкес бөлім келесідей функцияларды атқарады:**

-Конкурстар, баға ұсыныстарын сұрату, электрондық сатып алу туралы ақпаратты талдауға, ұйым басшылығы үшін конкурстарға қатысу жөнінде

- ұсынымдар дайындауға, өнім берушілер туралы дерекқорды қалыптастыру және қолдауға, тапсырыс берушілермен келіссөздер жүргізуге, тапсырыс берушіден конкурстық құжаттаманы, өтінімді алуды жүзеге асыруға, сатып алу іс-шараларына қажетті техникалық құжаттаманы әзірлеуге қатысады;
- Мемлекеттік сатып алу сайттарына мониторинг жүргізеді;
  - Конкурстық комиссияға дайын құжаттарды ұсынады;
  - Мекеме қатысатын конкурстар мен баға ұсыныстарының нәтижелеріне бақылау жүргізеді, ұйымға тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаларды, тендердің жеңімпазын таңдау туралы хаттамаларды алады, мемлекеттік сатып алу конкурсы туралы алынған нәтижелерді талдайды, қайталама конкурс, баға сұратулары туралы ақпарат алады;
  - Конкурстық құжаттарды дайындауға жұмсалатын шығынды айқындауға, әлеуетті өнім берушілер туралы ақпаратты іздеуге өтінім беруге қатысады;
  - Мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсты ұйымдастырады және өткізеді;
  - Конкурстық және тендерлік құжаттаманы жүргізеді;
  - Тауар немесе өнімнің белгілі бір түрлерін сатып алу бойынша сарапшылармен консультациялық хат-хабар алмасуды жүргізеді;
  - Бюджетті қалыптастыруға, өтінім беруге және мемлекеттік сатып алудың жоспарын жасауға қатысады;
  - Өтінімдерді мемлекеттік органдардың сайттарына орналастырады;
  - Конкурстар және тендер бойынша шарттарға қол қою мерзімдерін үйлестіреді;
  - Уақытылы есептілікті қамтамасыз етеді;
  - Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
  - Қаржы және экономика жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары тапсырмасы бойынша қоғамның маңызды құжаттарын әзірлеуге және сот талқылауларына қатысу;
  - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдау;
  - Жұмыс берушінің және қызметкерлердің мүлкіне ұқыпты қарау;
  - Келтірілген залалды Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шектерде жұмыс берушіге өтеу;
  - Адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен жұмыскерлер мүлкінің сақталуына қатер төндіретін ахуал туындағаны, сондай-ақ бос тұрып қалу туындағаны туралы жұмыс берушіге хабарлауға;
  - Жұмыс беруші беретін жеке және ұжымдық қорғану құралдарын мүлтіксіз қолдану және мақсаты бойынша пайдалану;
  - Еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу;
  - Еңбек тәртібін, сондай-ақ жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария жөніндегі нормалардың, қағидалардың және нұсқаулықтардың талаптарын сақтауға міндетті;
  - Атқаратын лауазымы бойынша өкілеттіктер мен құзыреттер шеңберінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және Қазақстан

Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

**II. Қоғамның қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін НҚА мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

**Қызметтің қызметінде келесідей заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді қолданады:**

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңы;

- «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы;

- «Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі №339 Заңы;

- «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204 Заңы;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ «Кәсіпкерлік Кодексі»;

- Әуежай қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды (Жарғы, қағидалар, нұсқаулықтар, регламенттер, ережелер).

**III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау**

**Кадрлық құрам бойынша.**

Қызметтің штат саны – 1 бірлік, қызмет бастығы.

2023 жылдың 12 айында және 2024 жылдың 4 айында қызметке қабылданғандар және / немесе жұмыстан шығарылғандар тіркелмеген.

**Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.**

Тәртіптік шаралар бойынша Қоғамда 2023 жылдың 12 айында қызметкерге тәртіптік шара қолданылды

Атап айтқанда:

Қоғамның басқарма төрағасының 17.07.2023 жылғы №247 бұйрығымен мемлекеттік сатып алу бөлім басшысы А. Ахметовқа «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған. 2024 жылдың 4 айында қызметкерге тәртіптік шара қолданған жоқ.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі.**

Қоғамда қызметкерлерді іріктеу мен тағайындау барысында Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

Конкурс Қазақстан Республикасы азаматтарының қызметке тең қол жеткізу конституциялық құқығын қамтамасыз етеді. Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау болған жоқ, заңға сәйкес конкурстық процедуралар өткізілді.

Қоғамда біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері орын алған жоқ.

**Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау.**

Қоғамда бос орынға орналасуға конкурстар өткізу кезінде хабарландырулар Қоғамның интернет-ресурстарында орналастырылады.

Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау фактілері болған жоқ.

Іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б.).

Бос вакансия бойынша Қоғамның тұрақты комиссия отырысы арқылы өткізіліп келеді.

**Әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы.**

Бос вакансия бойынша әңгімелесу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру Қоғамның тұрақты комиссия отырысы арқылы жүзеге асырылады.

**Кандидаттар үшін әркелкі жағдайлар жасау.**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бос вакансияға орналасуға үміткер кандидаттар үшін ҚР Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

**Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу.**

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, қызметкерлер мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс. Қоғам тарапынан мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылданады.

Тікелей басшы немесе Қоғамның басшылығы қызметкердің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақытылы қабылдауға, оның ішінде:

1. мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша қызметкердің лауазымдық өкіліттіктерін атқаруды басқа қызметкерге тапсыруға;

2. қызметкердің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3. мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс. Қызметкер, оның тікелей басшысы және Қоғамның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

**Жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру.**

Қоғам бойынша жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей, лауазымға жоғарылату болған жоқ.

**Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.**

Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Еңбекақы төлеудің біріңғай жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

**Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.**

Қызметкерлерді көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады.

**Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.**

«Қорқыт Ата» әуежайы» АҚ-ның қызметін алға басуына өз үлесін қосып отырған қызметкерлерге сыйақы беру үшін басқарма төрағасының келсімімен ұсыныс негізінде сыйлықақы беру жөніндегі шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

«Қоғам қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, еңбегіне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу туралы ережені бекіту туралы» Қоғамның 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №195 бұйрығына сәйкес Қоғамның үнемделген қаржы есебінен 2023 жылдың 12 айында Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақылар берілді. 2024 жылдың 4 айында басқарма қызметкерлеріне сыйлықақылар берілген жоқ.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдары**

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Қызметінің басшысы	Мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімін бұзу	Мемлекеттік сатып алу тәсілін қолдануды бұзу	орташа

**IV. Мүдделер қақтығысын реттеу.**

Қоғамда мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

**V. Мемлекеттік қызметтер көрсету.**

Қоғаммен мемлекеттік қызметтер көрсетілмейді.

**VI. Рұқсат беру функцияларына іске асыру.**

Негізінен Қоғамда тікелей рұқсат беру функциясы қарастырылмаған.

**VII. Бақылау функцияларын іске асыру.**

Қоғамда бақылау қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.

**VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.**

2023 жылдың 12 айында мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары 114 204 085 тенге құрады.

**IX. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.**

2023 жылдың 12 айында мемлекеттік сатып алуды қолдану арқылы келесі шарттар жасалды, оның ішінде:

баға ұсыныстарын сұрату – 177;

негіздемелік келісімді пайдалана отырып, конкурстың екінші кезеңін қолдану – 3;

өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 69.

2024 жылдың 4 айында:

баға ұсыныстарын сұрату – 87;

негіздемелік келісімді пайдалана отырып, конкурстың екінші кезеңін қолдану – 8;

өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 31.

**X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.**

Қоғамда ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану жүйесі қарастырылмаған.

**XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.**

11.1. Мемлекеттік сатып алуды қолдану рәсімін бұзу ықтималдығы бар

**ҰСЫНЫС:**

Мемлекеттік сатып алу талаптарын қолданудың "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР заңының нормаларына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкестігін қамтамасыз ету.

11.2. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін қолдану бойынша бұзушылық ықтималдығы бар.

**ҰСЫНЫС:**

Мемлекеттік сатып алу талаптарын қолданудың "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР заңының нормаларына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкестігін қамтамасыз ету.

11.3. Орындаушылардың шарттық міндеттемелер талаптарын орындауын бақылау бойынша бұзушылық ықтималдығы бар.

**ҰСЫНЫС:**

Орындаушылардың шарттық міндеттемелер талаптарын орындауын тұрақты бақылауды қамтамасыз ету.

**11.4.** Шарттық міндеттемелерді бұзған орындаушыларға қатысты шараларды қолдану үшін материалдарды ұсынбау/ уақтылы ұсынбау ықтималдығы бар

**ҰСЫНЫС:**

Заңнамада көзделген шаралардың шарттық міндеттемелерін бұзған орындаушыларға қатысты қолданылуы бойынша тұрақты бақылауды қамтамасыз ету.

**Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты.**

2023 жылдың 12 айында мемлекеттік сатып алу қызметіне өтініштер түскен жоқ.

2024 жылдың 4 айында мемлекеттік сатып алу қызметіне өтініштер түскен жоқ.

Талдау нәтижесінде Қоғамның қызметінде қолданылатын нормативтік-құқықтық актілерде және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкестіктерді жою бойынша,

**ҰСЫНЫМДАР:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша:

1.1. Мемлекеттік сатып алу талаптарын қолданудың "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР заңының нормаларына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкестігін қамтамасыз ету.

1.2. Орындаушылардың шарттық міндеттемелер талаптарын орындауын тұрақты бақылауды қамтамасыз ету.

1.3. Заңнамада көзделген шаралардың шарттық міндеттемелерін бұзған орындаушыларға қатысты қолданылуы бойынша тұрақты бақылауды қамтамасыз ету.

1.4. Мемлекеттік сатып алу қызметі бөлімшесінің қызметіне тұрақты және жүйелі бақылауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алуды өткізу және ұйымдастыру жөніндегі мәліметтерді апта сайын ұсынуды бұйрықпен міндеттеу.

2. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктерді жою бойынша ұсыныстарды орындау бойынша іс-шара жоспарын құру.

**«КЕЛІСІЛДІ»**


**Жұмыс тобы мүшелері:**

Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс бөлімінің бастығы (топ жетекшісі)




Т. Абдрашов

Бас бухгалтер (топ мүшесі)



Г. Тайжанова

ТҚ және экология бойынша жетекші инженер (топ мүшесі)



А. Иманов

*Қарау және тиісті шараларды қабылдау үшін ұсынылады:*

**Қоғамның басқарма төрағасы**

A handwritten signature in blue ink, appearing to be 'B. Ajmol'daev', written in a cursive style.

**Б. Ажмолдаев**



# Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінің жария талқылау ХАТТАМАСЫ

2024 жылғы 30 мамыр

Төрағалық еткен: Б. Ажмолдаев

Қатысқандар: \_\_ адам (тізім бойынша).

«Қорқыт Ата әуежайы» АҚ-ның мемлекеттік сатып алу қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы талқылау

1. «Қорқыт Ата әуежайы» АҚ-ның мемлекеттік сатып алу қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама назарға алынсын.


2. «Қорқыт Ата әуежайы» АҚ-ның мемлекеттік сатып алу қызмет басшысы (А. Ахметов) талдамалық анықтамада көрсетілген ұсынымдар бойынша ұсыныс хат жобалары дайындалсын.

3. «Қорқыт Ата әуежайы» АҚ-ның ұйымдастыру-құқықтық жұмыс бөлімінің бастығы (Т. Абдрашов):

1) Талдамалық анықтамада көрсетілген ұсынымдардың орындалу нәтижесін «Қорқыт Ата әуежайы» АҚ-ның ресми интернет-ресурсына және «Easy project» ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етсін.

2) Осы хаттамалық ұсынымдардың орындалуына бақылау жасасын.

Басқарма Төрағасы




Б.Ажмолдаев

Ұйымдастыру- құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы (комплаенс-офицері)




Т.Абдрашов

Мемлекеттік сатып алу қызметінің басшысы



А.Ахметов

Қалалық қоғамдық Кеңестің мүшесі



Э.Тенизбаев

Хатшы



Т. Абдрашов

«БЕКІТЕМНІ»  
«Қорқыт Ата әуежайы»  
Акционерлік қоғамының  
Басқарма Төрағасы

Ажмолдаев Б.Ғ.

2024 ЖЫЛҒЫ «...»

**«Қорқыт Ата» әуежайы» АҚ-ның мемлекеттік сатып алу қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау анықтамасындағы ұсыныстарды орындау бойынша іс-шаралар Жоспары**

№	Ұсыным	Іс-шараның аяқтау нысаны	Орындаушылар	Іс-шараның орындау мерзімі
1	Мемлекеттік сатып алу талаптарын қолданудың "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР заңының нормаларына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкестігін қамтамасыз ету.	Бақылау	А.Ахметов	тұрақты
2	Орындаушылардың шарттық міндеттемелер талаптарын орындауын тұрақты бақылауды қамтамасыз ету.	Күнделікті бақылау	А.Ахметов	тұрақты
3	Мемлекеттік сатып алу қызметі бөлімшесінің қызметіне тұрақты және жүйелі бақылауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алуды өткізу және ұйымдастыру жөніндегі мәліметтерді апта сайын ұсынуды міндеттеу.	Бұйрық	А. Ахметов Абдрашов Т.	апта сайын
4	Заңнамада көзделген шаралардың шарттық міндеттемелерін бұзған орындаушыларға қатысты қолданылуы бойынша тұрақты бақылауды қамтамасыз ету.	Сотқа жолдау	Абдрашов Т.	ақиқат бойынша

## Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығының негізінде "Қорқыт Ата "Әуежайы" АҚ Басқарма Төрағасы Б. Г. Ажмолдаевтың 2024 жылғы 13 мамыр айының №66 бұйрығымен бекітілген жұмыс тобымен жүргізілді.

"Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" бұйрығымен Әуежайдың мемлекеттік сатып алу қызметінің тәуекелдерін талдау өткізіледі.

Ішкі талдау жүргізу кезеңі-2023 жылдың 12 айы және 2024 жылдың 4 айы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері Әуежайдың ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады.

**«Қорқыт Ата» әуежайы» АҚ-ның  
ұйымдастыру-құқықтық бөлімінің  
басшысы (комплаенс-офицері)**



**Т. Абдрашов**